




САДЫҚБЕК АДАМБЕКОВ

АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ



«Жарқын болшақ» тобы

Жарқын күнге ,болашаққа ел
сеніп ,
қиындықты білектің күшімен
бірге жеңіп
қазақ деп соқса сенің жүрегің
бейбіт елім жайнай берсе
қандай көрік



«Өзін-өзі тану» пәні жастардың бойында махаббат, адамгершілік, мейірімділік сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырады, оларды рухани адамгершіліктің нәрімен сусындатады. Өзін-өзі тану – адамның өзіне терең мән берудің алғашқы қадамы.



«Әр баланың қабілетін ашуы, өзіне жол табуы, өзінің күш-жігеріне сенуі өзінің өмірдегі орнын анықтау үшін өте маңызды! Әлемде махаббат пен мейірімділік аурасын жасай отырып, қарапайымдылық пен махаббат жүректен жүрекке жетуі тиіс»

1

- Ақиқат өзін - өзі танудың мақсаты

2


- Сүйіспеншілік - өзін - өзі танудың негізін қалаушы құндылық

3

- Дұрыс әрекет тәжірибесі – өмір негізі

4

- Ішкі тыныштық және қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі



Қоғамға қызмет көрсету іс-шаралары, өз аты айтып тұрғандай, білім алушының өзін қоршаған ортаға, әлеуметке қандай да бір қызмет көрсетуі, көмектесуі дегенді білдіреді. Бұл топта қарт адамдарға көмек көрсету, көмекке мұқтаж жандарға арналған асханаларда жәрбем беру, ауруханаларда қолғабыс ету, экологиялық мақсаттағы іс-шараларға көмектесу немесе жергілікті, мемлекеттік не болмаса халықаралық қайырымдылық көрсету ұйымдарына өз жұмыстарын жүргізуге жәрдем беру істерін айтуға болады.



Жетімдерге
көмек
көрсету

Халыққа
қызмет ету

Қоғамға
қызмет ету

Қоғамдық
жұмыстар
жасап ортаның
гүлденуіне ат
салысу

Жастарға
бағыт-
бағдар беру

Қарттарға,
соғыс
ардагерлері
е көмектесу

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында келер жылды «Еріктілер жылы» деп бекітті. Бұл барлық еріктілерге серпін беріп, жаңа ізденістерге жол ашары сөзсіз. Жалпы, республика бойынша 287 еріктілер ұйымы бар. Сондай-ақ, барлық аймақтарда еріктілерді қолдайтын 17 орталық құрылған. Ақмола облысы бойынша ол орталық «Ақмола Жаңа Толқын» қоғамдық қоры болып табылады. Бұл туралы еріктілер бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен болған брифингте мәлім етті.

2020 жыл – Еріктілер жылы. Мемлекет басшысының бұл сөзі еріктілердің ұйымдары үшін – үлкен жауапкершілік. Мемлекет тарапынан ағымдағы жылы еріктілерге 1 млн теңге бөлініп, 17 грант берілді. Яғни, осы арқылы еріктілер өз жұмыстарын жандандырып, ел дамуына өз үлестерін қосуға сенім білдірді.



ЕРІКТІЛЕР ДЕГЕН КІМ?

Ерікті деген ұғым аты айтып тұрғандай өз еркімен, ешқандай ақысыз қоғамға қызмет ететін адам. Осыдан 5-6 жыл бұрын ел санасында ерікті деген ұғым жоқты. Ішін ара көзі ашықтар байыбына барғанмен жете түсіне де бермейтін. Ал қазір еріктілер- қоғамның бір мүшесі болып қалыптасты. Еріктінің болуы, оның бірұдай дамып тұруы міндетті. Бұл заман талабы. Жастарды елмен, халықпен бірге жұмыс жасауға үйретудің негізі-ұйымдардың болуы деп санаймын.







**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**